


РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ЖУРНАЛ

БІЛІМ ЖОЛЫ НҰРЛЫ ЖОЛ



Білім беретін, ғылыми, танымдық, жарнамалық басылым



100043

14.06.2020 ж

2

0

2

0

САГНАЕВА ЗАУРЕШ ҚАЙРАТОВНА

СҚО, Жамбыл ауданы, Жаңажол ауылы

«Г.Мүсірепов атындағы ЖОББМ» КММ

Оқу-тәрбие ісінің меңгерушісі

РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ЖУРНАЛ

БІЛІМ ЖОЛЫ НҰРЛЫ ЖОЛ

14.06.2020 жыл | № 100043

**Білім беретін, ғылыми,
танымдық, жарнамалық басылым**

МББ аты: «БІЛІМ ЖОЛЫ НҰРЛЫ ЖОЛ» журналы

МББ тілі: қазақша, орысша, ағылшынша

Шығу жиілігі: айына 1 рет Тарату аумағы: Қазақстан Республикасы

Меншік иесі: «Қаламгер ТЕН» ЖШС Алматы қаласы Бас редакторы: Нагиев И. Б.

Негізгі тақырыптық бағыты: білім беретін, ғылыми, танымдық, жарнамалық

«БІЛІМ ЖОЛЫ НҰРЛЫ ЖОЛ» журналына жарияланған ақпараттардың
авторлық құқы ақпарат авторына тиесілі, редакция жауапты емес.

Жарияланған ақпарат авторларының пікірлері редакция көзқарасын білдірмейді.

Журнал ҚР Мәдениет және ақпарат министрлігінің Ақпарат комитетінде тіркелген.

Куәлік № KZ37VPY00015077. Нұр-Сұлтан қаласы. 19.09.2019 жыл

Тапсырыс: 562 Таралымы: 3000 дана.

Журнал «Қаламгер ТЕН» ЖШС баспаханасында басылды.

Алматы қаласы – 2020 жыл Телефон: 8 777 055 0590

XXI ҒАСЫР ҰСТАЗЫ - ЗАМАН ТАЛАБЫ

Сагнаева Зауреш Кайратовна
Солтүстік Қазақстан облысы, Жамбыл ауданы, Жаңажол ауылы
«Ғ.Мүсірепов атындағы жалпы орта білім беру мектебі»КММ
Оқу-тәрбие ісінің меңгерушісі

«Маған жақсы мұғалім бәрінен де қымбат, өйткені
мұғалім – мектептің жүрегі» Ыбырай Алтынсарин

«Мұғалім мамандығы – барлық мамандықтың анасы» демекші, ұстаз алдынан тәрбие алмайтын жан жоқ. Әрбір бала - жарқыраған шамшырақ, оны жаға білген ұстаз ғана ұтады.

Мен бүгінгі таңда білім беру саласында 40 жылдан аса еңбек етіп келемін. Күн сайын алдымда көздерінен жалындаған от көрінетін шәкірттеріме зер сала қараймын. Қараймын да ойланамын. Алға үмітпен талпынған олардың алдында менің де ұстаз ретінде үлкен жауапкершілігім бар екенін іштен сезінемін. Сондықтан менің өзіме қояр талабым, алдыма қойған мақсатым жоғары болуы тиіс, өйткені сол жарқыраған шамшырақты дер кезінде байқап, дер кезінде жаға білу – менің ұстаздық парызым.

«Тар заман, тайғақ кешуде» ғұмыр кешкен ұлы бабамыз Мағжан Жұмабаев барлық арман- тілегін келешекке артып, болашақ жастардан ғана үміт күткен секілді.

«Арыстандай айбатты,
Жолбарыстай қайратты,
Қырандай күшті қанатты

Мен жастарға сенемін»- деген өлең жолдарынан үлкен ғұламалықты байқаймыз. Біздің ойымызша, өлмес өлең жазып, күндер, жылдар өтсе де құндылығын жоймайтын жырларды ескерткіш етіп қалдыру нағыз ақынның бақыты болса керек. Сондықтан, біздің мақсатымыз жас маманға тәжірибелік көмек көрсету, жас маманға жетілдіру мәселелері бойынша теориялық және практикалық білімді және оның сапасын арттыру болып табылады.

Еліміздің болашағы жастарымыздың қолында.

Жаһандану заманында ұлттық бәсекеге қабілетті болудың көрсеткіші – білім деңгейімен өлшенеді. Сондықтан, әлемдік білім кеңістігіне кірігіп, білім беру жүйесін халықаралық биікке көтеру кезек күттірмейтін өзекті мәселе.

Бұл мәселені шешудің кілті - ұстаздардың қолында. Елбасы Нұрсұлтан Назарбаев «Болашақта еңбек етіп, өмір сүретіндер – бүгінгі мектеп оқушылары, мұғалім оларды қалай тәрбиелесе, Қазақстан сол деңгейде болады. Сондықтан ұстазға жүктелетін міндет ауыр» – деген еді.

Ұрпаққа тәрбие беру, білім нәрімен сусындату – екінің бірінің қолынан да келе бермейді. Сондықтан, ұстаз болу – жүректің батырлығы деп бағалауға болады. Олай болса, өркениет өзегі – білім, ғылым, тәрбие десек, бұл мәселеге де өз үлесімді қосуым керек деп ойлаймын.

«Қазақстанның білім саласын дамыған мемлекеттердің деңгейіне көтеру» - деп Қазақстан Республикасының министрі А.Аймағанбетов айтқандай мектеп табалдырығын аттаған әрбір бүлдіршін – ол ертеңгі қоғам мүшесі, болашақ иесі. Сондықтан бізде мектебімізде «Оқу –тәрбие үрдісінде жаңартылған білім беру мазмұнын еңгізу аясында, ұрпаққа саналы білім және бәсекеге қабілеттілігін арттыру» мәселесін алға қойып отырмыз.

Ұстаз да диқан сияқты. Ол әр адамның жанына білім дәнін себеді, адамды өмір сүре білуге тәрбиелейді. Сол үшін бойындағы асыл қасиеттерін шәкірттеріне сіңіріп, тер төгеді.

«Бала жүрегі- кішкентай күй сандық. Сол сандықтың кілтін тапсаң ғана ашылады. Мұғалімнің қолында әр кезде сол кілт тұру керек» - деп, М. Шаханов ағамыз айтқандай, әр баланың жүрегіне жол табу, бала бойындағы дарынды ашу мұғалімнің ең басты міндеті деп ойлаймын. Осыған байланысты «Білім алушылардың сапалы дамуы мен тәрбиеленуінің шарты ретінде білім беру сапасын арттыру» мәселесін алға қойып отырмын.

Ұстаз – шәкіртін адалдыққа баулушы, өмірлік азық боларлық пайдалы білім мен жанына ізгіліктің нәрін себуші, жақсы мен жаманды үйретіп, адамгершілік қасиеттерді сіңіруші, ең жақын жанашыры әрі ақылшысы, досы әрі сырласы. Бір сөзбен айтқанда, бүгінгі қоғамды ертең алға сүйрейтін озық ойлы адам тәрбиелеуші, өз уақытын аямай, өзгенің бақытын аялаушы.

«Жаңашыл ұстаз»... Бұл атау бүгінгі таңда педагогика саласында жиі ауызға алынып жүрген жаңа ұғымдардың бірі екендігі баршамызға аян. Қазіргі кезде жаңашыл мұғалім ретінде даму - уақыт талабы. Жаңашыл ұстаз ретінде көрініп, заман ағымына сай шәкірттерге жаң-жақты, заманауи ұстаз болу үшін жаңа технологияларды қолданудың тиімділігі өте зор. ХХІ ғасыр көшбасшысы – жаңашыл, ізденімпаз, шебер ұстаз. ХХІ ғасыр ұстазы бүгінгі күн талабына сай жан-жақты дамыған, өмірге реалистік тұрғыдан қарайтын, терең біліммен қаруланған оқушы тұлғасын сомдау үшін өзі де шеберліктің шыңынан көрінуі тиіс. Қазіргі таңда оқу үрдісінде балаларды оқытуда сан-алуан жаңа әдіс-тәсілдер сапалы білім беруде үлкен рөл атқарады. Атап айтатын болсақ, «Сын тұрғысынан ойлау» технологиясы сабақ барысында оқушыларға сапалы және терең білім беруде атқаратын қызметі орасан зор.

Заман талабына сай оқушыларға сапалы, тиянақты білім беру-мұғалімдер алдындағы үлкен міндет. Бұл әрбір мұғалімге тынымсыз ізденісті, оқытудың жаңа формасымен, әдіс тәсілдерін тиімді пайдалануды қажет етеді.

Оқытудың жаңа, заманауи түрі жаңартылған білім беру мазмұны. Жаңартылған білім берудің маңыздылығы – оқушы тұлғасының үйлесімді қолайлы білім беру ортасын құра отырып сын тұрғысынан ойлау, зерттеу

жұмыстарын жүргізу, тәжірибе жасау, АКТны қолдану, коммуникативті қарым-қатынасқа түсу, жеке, жұппен, топта жұмыс жасай білу, функционалды сауаттылықты, шығармашылықты қолдана білуді және оны тиімді жүзеге асыру үшін қажетті тиімді оқыту әдіс-тәсілдерді курс барысында ұғындық. Жаңартылған білім беру бағдарламасының ерекшелігі спиральді қағидатпен берілуі. Спиральділік қағидаты бойынша құрылған оқу бағдарламасы Джером Брунердің «Білім беру үдерісі» атты еңбегінде қарастырылған танымдық теорияға негізделеді.

Оқытудың осындай жаңа педагогикалық технологияларын сабаққа енгізу бүгінгі таңда әрбір ұстаздың басты мақсаты болуы керек. Себебі, елімізге заман талабына сай ойлай алатын, шұғыл шешімдер қабылдай білетін, белсенді, шығармашыл азаматтар қажет. Мұғалім бұл жүйемен жұмыс жасағанда, үнемі оқушы санасында болып жатқан өзгерістерді бақылап, оның дамуын жан-жақты зерттей отырып, өз сабақтарын соған сай өзгертіп отыруы тиіс. Әйтпесе, жаңа жүйенің еш құны болмайды, мұғалім еңбегі зая кетеді.

«Ұстаз шәкіртке күн болып көрініп, нұр болып төгілуі керек» - демекші, жаңа ғасыр мұғалімінің бойында сергектік, байқағыштық, сезімталдық, әділдік, байсалдылық, ұстамдылық, сабыр сақтау сияқты қасиеттер тоғыса келе, олар мейірімділік атты ұлы ұғыммен ұштасып жатса ғана біздің еңбегіміз өз мәресіне жетіп, «Ұлы ұстаз» деген ардақты атаудың шын иегері болатынымызға кәміл сенемін.

* * * * *

Коучинг өткізуші	Сагнаева Зауреш Кайратовна
Жұмыс орны	«Ғ.Мүсірепов атындағы ЖОББМ» КММ
Тақырыбы	Жаңартылған білімге - жаңаша әдістер және нәтижелі бағалау
Жалпы мақсаты	Білім мазмұнының жаңаруымен қатар, оқытудың заманауи әдіс-тәсілдері мен бағалаудың әртүрлі құралдарын қолданудың тиімділігін арттыру туралы бағыт беру.
Міндеттері	1. Пән бойынша мұғалімдерге оқушылармен жұмыс істеуде заманауи әдіс-тәсілдерді қалыптастыруға бағыт беру. 2. Тапсырманы орындауда қорытынды жасай білуге және бағалауға үйрету. 3. Мұғалімдерге оқушының қызығушылығын арттыру бойынша шығармашылық ізденістеріне көмектесу, оның жолдарын анықтай білуге баулу.
Күтілетін нәтижелері:	Тапсырмаларды орындау барысында жаңа білім мазмұнына сай жұмыс бағытын меңгереді.
Түйінді идеялар:	Жаңа білім мазмұны арқылы табысты оқытуға қол жеткізеді.
Дереккөздер және құралдар	слайд, интерактивті тақта, постерлер, маркерлер, стикерлер/түрлі-түсті/ ноутбук, Prezi бағдарламасы

Тренингтің өтілу барысы

Бөлімдері	Уақыт	Сабақтың іс-әрекеті	Мұғалімдер іс-әрекеті
Ұйымдас тыру	1 мин	Қатысушыларды қарсы алу, олармен амандасу,	Қатысушылар орналасады
Тренинг	5 мин	«Нұсқауды орындау» Аты-жөніңіз: _____ 1. Төменде берілген барлық нұсқаулықтарды орындамас бұрын мұқият оқып шығыңыз. 2. Аты –жөні графасына өзіңіздің атыңыз бен фамилияңызды жазыңыз 3. №1 нұсқаулықтағы «барлығы» деген сөзді дөңгелектеп қоршаңыз 4. №2 сөйлемдегі «Аты» деген сөздің астын сызыңыз. 5. №4 нұсқаулықтағы «астын сызыңыз» деген сөзді дөңгелектеп қоршаңыз және бірінші сөйлемдегі «оларды» деген сөзді қарайтып	Нұсқаулық қағазы таратылады

		<p>бояңыз.</p> <p>6. Осы құжаттың атауын дөңгелектеп қоршаңыз.</p> <p>7. 1,2,3,4 және 5 сандарын дөңгелектеп қоршаңыз, 6 санының жоғары жағына Х деп жазыңыз.</p> <p>8. №7 сөйлемдегі жұп сандарды дөңгелектеп қоршаңыз және тақ сандардың астын сызыңыз.</p> <p>9. Осы құжат атауының жоғары жағына «Мен нұсқаулықты орындай аламын» деп жазыңыз.</p> <p>10. №1 тапсырмада айтылғандай, нұсқаулықтың барлығын оқып болған соң, тек №3 нұсқаулықты орындаңыз. Басқа нұсқаулықтарға назар аудармай, №1, 10 және 3 тапсырмаларды орындаңыз.</p> <p>Кері байланыс:</p> <ol style="list-style-type: none"> 1. Нұсқаулықта орындағанда қандай қиындықтар болды? 2. Нұсқаулықты орындай отыра қандай болжам жасайсыз? 	<p>Кері байланыс береді сұрақтар бойынша</p>
Топқа бөлу	2 мин	<p>Аттары жазылған түрлі - түсті қағаз қиындылары арқылы топқа бөлінеді.</p> <p>1-топ Жаңару</p> <p>2-топ Заманауи</p> <p>3-топ Инновация</p>	<p>Топтарға бөлініп отырады</p>
Ой шақыру	5 мин	<p>Қызығушылықты ояту «Kahoot» ойыны</p> <p>1.Қай ғалымның еңбегінде пән бойынша педагогикалық білім: оқу мазмұны мен педагогикалық білімдердің біртұтастығы болып табылады- Шульман</p> <p>2. Подкаст деген қандай бағдарлама?- цифрланған</p> <p>3. Бағалау мен талдауда АКТ-ны не үшін пайдалануға болады?- Оқуда жаңалық жасауға ықпал ету</p> <p>4. Жаңашыл педагогика аясында АКТ қолданудағы мұғалімдер ұстанымына жататындар:- Ақпаратты бағалау, таңдау, ұйымдастыру мен сақтаудағы мұғалімнің көмегі</p>	<p>Телефонда ғаламтор арқылы ойнайды</p>

		5. Оқытуда АКТ қолдану дегеніміз:- Мұғалімге оқытуға көмектесетін және оқушыларға ғылыми ұғымдарды түсінуге мүмкіндік беретін құрал	
Практикалық жұмыс (топтық жұмыс)	10мин	<p>Әр топқа жеке тапсырмалар беріледі. «Prezi» бағдарламасы арқылы слайд жасау 1-топ Жаңартылған білімге- жаңаша бағалау Дескриптор: -Мәлімет толық әрі нақты болады -Бағалаудың жаңаша түрлерін көрсетеді -Кемінде 3-5 слайд істейді 2-топ 2019 жылғы білім реформасы: басты өзгерістер қандай ? 1. Мәлімет толық және нақты болады. 2. Формаға сай орындалады. 3. Басты өзгерістерін анықтайды 4. Кемінде 3-5 слайд істейді 3-топ Елбасы жолдауы Білім беру саласын қандай өзгерістер күтіп тұр? <u>Дескрипторлар:</u> 1. Мәлімет толық және нақты болады. 2. Білім саласындағы өзгерістерді атайды 3. Орындалып жатқан тұстарын анықтайды 4. Кемінде 3-5 слайд істейді «Шар» әдісі «Кімнің қолы шарға тисе, 2020 жылы арманына жетеді» деген сөздерді айта отырып, қатысушыларға шар жіберіледі, шар ұстаған адамдар жұмысты қорғауға шығады. Бағалау: Екі жұлдыз, бір тілек</p>	<p>Әр топ өз жұмыстарын қорғайды Өз ойларымен ойды аяқтайды</p> <p>Ғаламтордың көмегіне сүйене отырып</p>
Кері байланыс	2 мин		Өз көңіл күйлерін, алған әсерлері мен ұсыныстарын стикерге жазып білдіреді
